

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 12 наурызындағы № 352 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 сәуірінде № 2396 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Ақтау қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (С.М. Құрманғазиева):

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыруды жүргізуді қамтамасыз етсін.

2) Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін осы қаулының қала әкімдігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Т. Елтизаровқа жүктелсін.

4. Қала әкімдігінің осы қаулысы Маңғыстау облысының әділет департаментінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің м.а.

Н. Аққұлов

Ақтау

қаласы

әкімдігінің

12

наурыз

2014

жылғы

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны					Мектепке дейінгі ұйымдарл айдағы мөлшері (теңге)	
	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар
Ақтау қаласы	1435	350		1312	40	18110,5	13002,8
Барлығы	1435	350		1312	40	18110,5	13002,8

кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)				
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
9051	9051		25000,0	12500,0
9051	9051		25000,0	12500,0

« К Е Л І С І Л Д І »
« Ақтау қалалық білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі басшысының м.у.а
С . М . Қ ұ р м а н ғ а з и е в а

12 наурыз 2014 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК